

**Алтын Дәулетқұлқызы Кегенбекова¹, Альфия Абдыкенқызы Солтанбекова^{2*},
Улболсын Сериковна Кайырбекова³**

¹докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-9428-3608 E-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com

^{2*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-3513-4012 E-mail: madina-258@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Қазақстан, Шымкент қ.,
ORCID: 0000-0002-9466-024X E-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СӨЗДІГІНЕ ҚАЖЕТТІ ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қолданылатын лексика-грамматикалық сөздікке қажетті грамматикалық минимумды анықтаудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеуде тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттіліктері, жиілік, құрылымдық жеңілдік, мәдени-танымдық маңыздылық сияқты өлшемдер негізінде минимумды іріктеу критерийлері жүйеленеді. Қазақ тілінің негізгі сөз таптары (зат есім, етістік, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, модаль сөздер, шылау, одағай) бойынша грамматикалық категориялар, тіркесу үлгілері мен функционалдық қызметтері контрастивті талдау арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі әр сөз табының ерекшеліктері, онда қолданылатын қажетті грамматикалық формалардың қызметі тіл үйренушінің деңгейін ескере отырып, сөздер мен тіркестер, қысқа сөйлемдер арқылы таныстырылады. Қазақ тіліндегі грамматикалық формалардың ағылшын тіліндегі баламалары беріледі. Бұл жерде тікелей бір-біріне сәйкестендіріп тікелей аудару емес, әр формаға сәйкес ағылшын тілінде түсіндіру немесе түсіндірмелі баламасын беру көзделеді. Нақты баламасы болмаса, сол грамматикалық форманың қолданылу мәні мен қызметін мысалдар арқылы көрсете отырып, оқытушы мен тіл үйренушіге оның логикасы мен қолдану тәсілі түсінікті болады. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ тілінің грамматикалық минимумын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырып, оны қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісінде қолданудың тиімді жолдарын ұсыну.

Тірек сөздер: грамматикалық минимум; лексика-грамматикалық сөздік; грамматикалық форма; ағылшын тіліндегі баламасы; мәдени-танымдық бірлік; коммуникативтік құзырет

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation>, үрдістер мен үдерістер» атты ғылыми-зерттеу жобасының аясында жазылды.

Сілтеме жасау үшін: Кегенбекова А.Д., Солтанбекова А.А., Кайырбекова У.С. Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігіне қажетті грамматикалық минимумды анықтау және жүйелеу мәселелері. *TiltanyM*, 2025. №4 (100). 210-223-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-210-223>

**Алтын Даулеткуловна Кегенбекова¹, Альфия Абдыкеновна Солтанбекова^{2*},
Улболсын Сериковна Кайырбекова³**

¹докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-9428-3608 E-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com

^{2*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-3513-4012 E-mail: madina-258@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент,
Университет Дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Казахстан, г. Шымкент,
ORCID: 0000-0002-9466-024X E-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

ОПРЕДЕЛЕНИЕ И СИСТЕМАТИЗАЦИЯ ГРАММАТИЧЕСКОГО МИНИМУМА, НЕОБХОДИМОГО ДЛЯ ЛЕКСИКО-ГРАММАТИЧЕСКОГО СЛОВАРЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В данной статье рассматриваются теоретические и методические основы определения грамматического минимума, необходимого для лексико-грамматического словаря, используемого при обучении казахскому языку как иностранному. В исследовании систематизируются критерии отбора минимума на основе таких параметров, как коммуникативные потребности изучающего, частотность, структурная простота и культурно-познавательная значимость. Грамматические категории, модели сочетаемости и функциональные особенности основных частей речи казахского языка (существительное, глагол, прилагательное, числительное, местоимение, наречие, модальные слова, послелог, междометия) представлены с помощью контрастивного анализа. Особенности каждой части речи в казахском языке и функции необходимых грамматических форм представлены через слова, словосочетания и короткие предложения с учётом уровня владения языком учащегося. Приводятся английские эквиваленты грамматических форм казахского языка. Здесь речь идет не о прямом, дословном переводе, а о том, чтобы объяснить каждую форму на английском языке или дать её пояснительный эквивалент. Если точного эквивалента нет, смысл и функция грамматической формы демонстрируются на примерах, чтобы преподавателю и изучающему язык было понятно её назначение и способ использования. Основная цель статьи – рассмотреть грамматический минимум казахского языка с научно-методологической точки зрения и предложить пути его более эффективного применения в процессе преподавания казахского языка как иностранного.

Ключевые слова: грамматический минимум; лексико-грамматический словарь; грамматическая форма; английский эквивалент; культурно-познавательная единица; коммуникативная компетенция

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках научно-исследовательского проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан BR20280984 «Модернизационный потенциал казахского языка: инновации, тенденции и процессы»

Для цитирования: Кегенбекова А.Д., Солтанбекова А.А., Кайырбекова У.С. Определение и систематизация грамматического минимума, необходимого для лексико-грамматического словаря казахского языка. *Tiltany*, 2025. №4 (100). С. 210-223. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-210-223>

Altyn Kegenbekova¹, Alfiya Soltanbekova^{2*}, Ulbossyn Kaiyrbekova³

¹Doctoral Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0002-9428-3608 E-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com

^{2*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences,

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0002-3513-4012 E-mail: madina-258@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,

Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Kazakhstan, Shymkent,

ORCID: 0000-0002-9466-024X E-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

DETERMINING AND SYSTEMATIZING THE GRAMMATICAL MINIMUM REQUIRED FOR A LEXICOGRAMMATICAL DICTIONARY OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. This article examines the theoretical and methodological foundations for defining the grammatical minimum necessary for a lexico-grammatical dictionary used in teaching Kazakh as a foreign language. The study systematizes the criteria for selecting this minimum based on parameters such as the learner's communicative needs, frequency, structural simplicity, and cultural-cognitive relevance. Grammatical categories, patterns of collocation, and functional features of the main parts of speech in the Kazakh language (noun, verb, adjective, numeral, pronoun, adverb, modal words, postpositions, interjections) are presented through contrastive analysis. The features of each part of speech in the Kazakh language and the functions of the necessary grammatical forms are presented through words, phrases, and short sentences, taking into account the learner's language proficiency. English equivalents of Kazakh grammatical forms are provided. This does not involve direct, word-for-word translation; rather, each form is explained in English or an explanatory equivalent is given. If there is no exact equivalent, the meaning and function of the grammatical form are illustrated with examples, so that both the instructor and the language learner can clearly understand its purpose and usage. The main objective of the article is to examine the grammatical minimum of the Kazakh language from a scientific and methodological perspective and to propose ways of using it more effectively in the process of teaching Kazakh as a foreign language.

Keywords: grammatical minimum; lexical and grammatical dictionary; grammatical form; English equivalent; cultural and cognitive unity; communicative competence

Source of financing: This article was written within the framework of the scientific research project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan BR20280984 titled "The Potential of Modernization of the Kazakh Language: Innovations, Tendencies and Processes".

For citation: Kegenbekova, A., Soltanbekova, A., Kaiyrbekova, U. Determining and Systematizing the Grammatical Minimum Required for a Lexicogrammatical Dictionary of the Kazakh Language. *Tiltany*, 2025. No.4 (100). P. 210-223. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-210-223>

Кіріспе

Қазіргі таңда қазақ тіліне деген сұраныс шетелдіктер тарапынан да, елде тұратын өзге ұлттар тарапынан да артып жатыр. Оған себеп те аз емес. Қазақ тілінің халықаралық деңгейде мәртебесінің артып, үйренушілер санының көбеюіне елдегі этнотуристтік саланың дамуы, халықаралық байланыстар, шетелдік дипломаттардың көптеп келуі, алып компаниялардың орналасуы, шетелдік студенттердің білім алуға келуі, цифрлық контент пен онлайн платформаларда қазақ тілді контенттің таралуы (YouTube, TikTok, Instagram, т.б.) т.б. жағдайлар әсер етіп отыр.

Сонымен қатар түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілін арнайы зерттеу, меңгеру, үйрету үшін шетелдік ЖОО мен институттарда орталықтар ашылып жатыр. Сондай бастамалардың бірі – 2024 жылы Оксфорд университетінде Қазақ тілін оқыту бағдарламасының ашылуы.

Сондай-ақ Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындары қазақ тілін, мәдениетін насихаттау мақсатында өзге елдерде зерттеу-таныстыру орталықтарын құрып жатыр. Мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түркияда, Қытайда, Беларуссияда, Өзбекстанда “Abai Center for Kazakh Language, History and Culture” атты орталық ашты.

Қазақ тілін үйренушілер санының артуына байланысты сапалы материал жасап шығару мәселесі өзекті болып отыр. Осы уақытқа дейін жарық көрген сөздіктер, электронды ресурстар да көмекші құрал бола алатындығы анық. Бірақ тіл үйренушіге бейімделген материалдар жоқтың қасы. Осы мәселені шешу үшін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің ғалымдары жасап жатқан ағылшын тілді инофондарға арналған «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» жарық көргелі отыр. «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» – қазақ тіл білімі саласындағы бұрын-соңды қолға алынбаған тың, өзекті әрі стратегиялық жоба. Бұл сөздіктің ең басты ерекшелігі – оның арнайы ағылшын тілді инофондарға арналуында, яғни қазақ тілін ана тілі емес, екінші тіл ретінде меңгерушілер үшін құрылымы да, мазмұны да, әдістемелік ұстанымдары да барынша бейімделіп жасалған. Сонымен қатар бұл сөздік қазақ тіліндегі лексика мен грамматиканы біртұтас жүйеде ұсынатын кешенді құрал ретінде де дараланады. Тіл үйренушілер үшін лексика мен грамматиканың бірлікте берілуі олардың тілдік бірліктерді тек жаттап қана қоймай, оларды нақты грамматикалық формада қолданып үйренуіне, сол арқылы сөйлесім әрекеттерін дұрыс құрастыруына мүмкіндік береді.

Тіл үйренушілерге көмекші құрал ретінде бір сөздің аудармасын ғана беріп отыру жеткіліксіз, сонымен бірге сол ұлттың мәдениетіне тән бірліктердің сипаттамаларын қамтитын лексикалық-грамматикалық сөздіктер қатарын ұсыну да аса маңызды. Бұл мақалада шет тілдерін үйренуге арналған лексика-грамматикалық сөздіктегі грамматикалық минимумның берілуінің әдіснамалық тәсілдері қарастырылады. Мақалада мұндай бірліктерді лексикографиялық сипаттаудың негізгі принциптері, эквиваленттілік мәселелері, сондай-ақ тіл үйренушілердің қабылдауы мен ассимиляциясын жеңілдету үшін қолданылатын бейімдеу әдістері айтылады.

Мақаланың мақсаты – қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тиімді қолдануға арналған «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігіне» енгізілетін грамматикалық минимумды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеп, оны жүйелеу. Бұл мақсатқа жету үшін қазақ тіліндегі негізгі сөз таптарының (зат есім, етістік, сын есім, есімдік, сан есім, үстеу, шылау, модаль сөздер, одағайлар) құрылымдық, семантикалық, синтаксистік және функционалдық сипаттары талданып, үлгі ретінде кестеге салынып, олардың ағылшын тіліндегі баламаларымен салыстырмалы түрде сараптама жасалды. Сонымен қатар тілдің когнитивтік және мәдени-танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, грамматикалық минимумға енгізілетін бірліктердің прагматикалық маңызы мен тіл үйренушінің коммуникативтік құзыретін қалыптастырудағы рөлі айқындалды.

Материал және әдістер

«Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» екі негізгі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – *лексикалық минимумдар*, ал екінші бөлім – *грамматикалық минимумдар*. Лексикалық бөлімге этномәдени маңызы зор 300-ден астам бірлік енгізілген. Бұл бірліктер арнайы тақырыптық топтарға бөлініп, ұлттың тарихи-мәдени болмысын, дүниетанымын көрсететін атаулардан құралған. Себебі сөздік құрастыруда ұлттық дүниетанымға тән ұғымдарды, әсіресе өзге тілге дәлме-дәл аударуға келмейтін мәдени лексемаларды тиімді таныту басты мақсаттардың біріне

айналып отыр. Мұндай сөздер қатарына туыстық қатынас атаулары, дәстүрлі тағам атаулары, киім-кешек, қолөнер бұйымдары мен тұрмыстық заттар т.б. жатады. бұл жайында алдыңғы мақаламызда сөз болған болатын. Осы мақалада грамматикалық минимумдарға арналған екінші бөлімінде сөздердің грамматикалық түрлену үлгілері, сөз тудыру қабілеті, тіркесу ерекшеліктері сөз болады. Сөздерге мағынасына қарай форма жалғап, тілдесімде қолдану үлгілері көрсетіледі.

Материалдарды жинау барысында іріктеу, лексикографиялық жүйелеу, семантикалық талдау, құрылымдық-грамматикалық талдау, когнитивтік, прагматикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Сөздіктің әдістемелік негізін қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған заманауи педагогикалық-дидактикалық ұстанымдар, лексикография теориясы, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы сияқты мәліметтер құрайды.

Әдебиетке шолу

Қазіргі қолданыстағы сөздіктердің басым бөлігі қазақша-орысша, орысша-қазақша екі тілді сөздіктер немесе түсіндірме форматта жасалған сөздіктер. Демек, көп сөздік орыс тілді аудиторияға арналған әрі тіл үйренуден гөрі аударма саласына бейімделіп жасалған. Ағылшын тілді инофондарға арналған сөздіктердің өзектілігі осыдан көрінеді. Орыс тілінің ауқымы кең болғанымен, ағылшын тілінде сөйлеушілердің саны өте басым. Ағылшын тілін меңгеру арқылы әлемге жол ашылатындығы сияқты, қазақ тілін ағылшын тілі көмегімен үйрену арқылы әлем халықтарының қазақ мәдениетіне жолы ашылады.

Лексика-грамматикалық сөздік жасау тәжірибесі өзге тілде де кездеседі. Мысалы, ағылшын тілін үйренушілерге арналған Hugh Trappes-Lomax “Oxford Learner’s Wordfinder Dictionary” (1997) сөздігі, Addison Wesley Longman “Longman Language Activator” (2002), Michael Mayor “Longman Collocations Dictionary and Thesaurus” (2013) сынды сөздіктерді атап өтуге болады.

“Oxford Learner’s Wordfinder Dictionary” сөздігінде сөздер тақырыптық топтарға бөлініп беріледі. Әр бөлімде жиі қолданылатын сөздер, грамматикалық формалар, сөйлем үлгілері беріліп отырады (Trappes-Lomax, 1997).

“Longman Language Activator” сөздігінде белгілі бір сөз беріліп (мысалы: “say”, “help”, “improve”), оған сәйкес келетін фразалар, етістіктер, тіркестер көрсетіледі. Әр сөздің контексте қолданылуы да беріледі (Longman, 2002).

“Longman Collocations Dictionary and Thesaurus” сөздігінде 700 000-нан астам коллокациялар, синонимдер және антонимдер қамтылған. Сөздік сөздердің тіркесте дұрыс қолданылуын анықтауға көмектеседі (Mayor, 2013).

Одан бөлек орыс тілін үйренушілерге арналған Н.П. Андрюшина (жауапты редактор), Т.В. Козлова және т.б. авторлар бірлестігінің «Лексический минимум по русскому языку как иностранному. Элементарный уровень. Общее владение» (2014), Н.А. Козлова мен М.А. Мартынованың «Мы в России. Лексико-грамматический словарь. Учебный комплекс по развитию речи для изучающих русский язык как иностранный» (2014) сөздіктерін атап өтуге болады.

Н.П. Андрюшина, Т.В. Козлова және т.б. авторлардың «Лексический минимум по русскому языку как иностранному» атты сөздігі А1 деңгейден бастап С2 деңгейге дейін 6 деңгей бойынша 6 сөздік болып жарық көрген. Қарапайым лексикадан бастап академиялық стильге дейінгі сөздер қамтылады. Әр деңгейден өткен сайын сөз саны да арта береді. Сөздікте сөздер ағылшын, неміс, француз, испан, қытай тілдеріне аударылып беріледі. Әр сөздік екі бөлімнен тұрады: 1-бөлімінде әліпби тәртібімен орналасқан сөздер тізімі өзге тілдерге аударылса, 2-бөлімінде сөздер «Адам», «Табиғат» сынды тақырыптық топтарда көрсетіледі. Сөздік лексикалық минимумдарға арналғанмен, морфологиялық ерекшеліктері де көрсетіліп отырады, мысалы, жалғауы басқа сөз таптарына ұқсап кететін зат есімдерге (мороженое, ученый) зат есім белгісі қойылады, сын есімдердің род категориясы бойынша түрленуі көрсетіледі, түрленгенде түбір формасы өзгертін сөздердің септігі көрсетіледі (лоб – лба), тек көпше түрде, тек жекеше түрде қолданылатын сөздерге арнайы белгі қойылып кетеді (Андрюшина и др., 2014).

Н.А. Козлова, М.А. Мартынованың «Мы в России. Лексико-грамматический словарь. Учебный комплекс по развитию речи для изучающих русский язык как иностранный» сөздігі

Ресейде тұрып, жұмыс істейтін және орыс тілін базалық деңгейде (А2) меңгерген шетелдіктерге арналған. Сөздік 5 кітаптан тұрады: лексикалық-грамматикалық сөздік, шағын энциклопедия және үш оқу құралы («Біздің үй», «Үлкен қаладағы өмір», «Сау бол! немесе Сәлем!»). Лексикалық-грамматикалық сөздік бөліміне оқу құралдарында қолданылатын сөздіктер кіреді. Әрбір сөздің ағылшын тіліндегі аудармасы көрсетіліп, қолдану мысалдары кейде шағын мәтіндер немесе шағын диалог түрінде беріледі (Козлова, Мартынова, 2014).

Лексика-грамматикалық минимумды құрастыру үшін «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» (2016) қолдану да маңызды, себебі бұл сөздікте ең жиі қолданылатын лексикалық бірліктер берілген. Сондай-ақ сөздікке енетін тілдік бірліктерді деңгей бойынша іріктеуге «Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыретінің» (CEFR) (<https://www.efset.org/ru/cefr/>) стандарты негіз болды.

Мұндай сөздіктер мен лексика-грамматикалық минимумдар тіл үйренушінің сөздік қорын байыта отырып синтаксистік және морфологиялық дағдыларын да дамытуға ықпал етеді. Демек, қазақ тілі үшін де дәл осындай кешенді, жаңа әдістемесі бар, визуалды және мәдени мазмұнмен толықтырылған сөздік қажет. «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» – дәл осы қажеттілікті өтеуге бағытталған алғашқы ғылыми жоба ретінде ерекшеленеді. Аталған сөздіктер тілдің лексикасы мен грамматикасын да қамтығанымен, Институт қызметкерлері дайындап жатқан «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» бұл сөздіктердің құрылымы мен мазмұнын қайталамайды.

Сөздікке енетін грамматикалық минимумдардың басты ерекшелігі – қазақ мәдениетіне тән танымдық бірліктерді грамматикалық құрылымдармен ұштастыру. Тілді тек грамматикалық құрылым ретінде емес, мәдени код ретінде меңгерту – шет тілді үйренушінің коммуникативтік құзыретін дамытудың тиімді жолы. Осыған байланысты, грамматикалық минимумды құрылымдық грамматика ұғымдарына сүйене отырып және қазақ мәдениетінің тілдік көріністерін ескере отырып құрастыру қажеттілігі туындайды. Мәдени-танымдық сөздерді ағылшын тіліндегі баламасымен салыстырудағы мақсат – ағылшын тілді инофондардың қазақ тілін ғана емес, тіл арқылы халықтың тарихи-мәдени болмысын, дүниетанымын терең білуге мүмкіндік беру. Тіл мен мәдениет тоғысы, мәдениеттің тілдегі көрінісі Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұбанов, М. Әуезов еңбектерінен бастау алып, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақов, Қ. Жаманбаева, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, Қ. Рысбергенова, Р. Шойбеков, М. Малбақов т.б. ғалымдар еңбектерінде айтылып келеді.

Ә. Қайдар тіл, ұлт, мәдениет сабақтастығы, тіл арқылы ұлт болмысын тануға болатындығы жайлы былай дейді: «Тілді тану – ұлтты тану деген сөз. Ал ұлтты тану – оның мәдениетінен басталады» (Қайдар, 1998: 12).

Е.Н. Жанпейісов мәдениеттің тіл арқылы көрінетіндігін мына пікірімен дәйектейді: «Әр этнос, сондай-ақ әр этникос, өз мәдениетімен ерекшеленеді. Этникалық мәдениеттің негізгі көзі – күнделікті тіл мен дәстүрлі тұрмыс-тіршілік» (Жанпейісов, 1991: 3).

Ж.А. Манкееваның пікірі де жоғарыда аталған ғалымдармен үндес болып келеді: «Тіл – ұлт мәдениетінің көрінісі, ал тілдік бірліктер – сол мәдениеттің таңбалық көрінісі» (Манкеева, 1997: 45).

Отандық ғалымдардың бірі А.Т. Чакликова да кез келген тілді үйренгенде ол халықтың тілін ғана емес, мәдениетін, дәстүрін бірге меңгеретіндігін айтады: «Изучение иностранного языка не может ограничиваться его знаковой системой, так как любой язык содержит информацию о культуре, истории, реалиях, традициях народа-носителя языка» (Чакликова, 2019: 11).

Осы пікірлерден сөздіктің материалы ретінде грамматикалық бірліктерді алудың тиімділігі айқын көрінеді.

Нәтижелер және талқылау

Сөздіктің грамматикалық минимумдарға арналған бөлігі тіл үйренушіге қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ауызша қарым-қатынаста, жазуда қолданып, мәтінді түсінуге көмектеседі. Бұл бөлімде қазақ тілінің морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері қарастырылады. Лексикалық бірліктерді инофон дұрыс қолдануы үшін қажетті грамматикалық

ережелер мен заңдылықтар қарапайым әрі жүйелі түрде түсіндіріледі. Мұнда есім сөздердің, етістіктердің, шылаулардың, жалғаулардың қызметі мен қолданысы, сөз түрлендіру жүйесі қамтылып, әрқайсысына нақты мысалдар берілген. Бұл грамматикалық минимум лексикалық білімнің тілдік қолданысқа көшуін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренуші инофондарға тілді жүйелі және нәтижелі үйретудің маңызды алғышарттарының бірі – грамматикалық минимумды дұрыс әрі тиімді ұсыну. Грамматикалық минимум – тіл үйренушіге қажетті негізгі сөз таптары мен олардың грамматикалық түрлену үлгілерін қамтитын ықшамдалған білім жүйесі. Инофондарға тілді үйретуде сөздердің түрлену қабілетін, яғни түбір сөзге жалғау мен жұрнақ жалғау арқылы әртүрлі грамматикалық мағына тудыру заңдылықтарын түсіндіру – қазақ тілінің ішкі құрылымын ұғынудың бастапқы баспалдағы. Бұл жерде сөзжасам мен сөзтүрленім үрдістерін жүйелі көрсету қажет. Мәселен, етістіктің шақ категориясын үйретуде ағылшын тіліндегі шақтармен салыстыра отырып түсіндіру шетелдік үйренушіге таныс білімге сүйене отырып, жаңа тілдік құбылысты игеруге жол ашады. Бұл әдіс инофонның тілдік дағдысын жедел дамытудың тиімді тетігі ретінде танылады. Сондықтан қазақ тілінің грамматикасын үйретуде қарапайым тәсілдерге сүйене отырып, нақты сөздер мен сөйлемдер арқылы мысал келтіру, жаттығуларды қайталау, тұлғалық өзгерістерді түсіндіру және өз тіліндегі біліммен салыстыра үйрету ұстанымдары негізге алынады. Осылардың барлығы лексика-грамматикалық сөздіктің грамматикалық тарауын құрастыруда ескеріліп, тіл үйренушіге ыңғайлы оқу құралын жасақтауға бағытталған.

Грамматикалық минимумды іріктеуде негізгі үш өлшем басшылыққа алынды. Біріншіден, жиілік өлшемі: тілдік бірліктің күнделікті қарым-қатынаста, оқыту материалдарында қолданылу жиілігі ескерілді. Екіншіден, құрылымдық жеңілдік: грамматикалық формалардың жасалу тәсілі жеңіл, ережелері түсінікті, тіл үйренушінің тез игере алатындай болуы басты назарға алынды. Үшіншіден, мәдени-танымдық маңыздылық: қазақ тілінің ұлттық-мәдени ерекшелігін танытатын тіл үйренушінің қазақ қоғамындағы коммуникативтік жағдаяттарға бейімделуіне көмектесетін грамматикалық бірліктер қамтылды.

Грамматикалық минимум – сөздікке негіз болатын қосымша құрал. Тілді үйрету үшін сөздікке енгізілетін лексикалық топтар маңызды. «Отбасы», «Дүкенде», «Асханада» сияқты тақырыптарда сөздер, тіркестер және қарапайым сөйлемдер берілуі керек. Бұл тіл үйренушіге сөзді контексте түсінуге және сөйлем құруға мүмкіндік береді. Сөздікке арқау болатын грамматикалық минимум – А1-А2 деңгейіндегі тіл үйренушіге қажетті негізгі грамматикалық категориялар мен формалардың жүйелі жиынтығы. Ол лексикалық бірліктерді дұрыс қолдануға, сөйлем құруды жеңілдетуге және сөздікті практикалық құралға айналдыруға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі 9 сөз табының негізгі категориялары грамматикалық кестеде көрсетіледі: зат есімнің септік және тәуелдік формалары, сын есімнің шырайы, етістіктің шақ және рай формалары, есімдіктер, сан есімдер, үстеу, шылау, еліктеу, одағай. Кестеде форма аудармасы мен функционалды баламасы беріледі. Осы тәсіл арқылы сөздік тек сөздер жинағы емес, тіл үйренушінің лексикалық және грамматикалық дағдыларын бірдей дамытуға арналған құралға айналады.

Сөздікке арқау болатын грамматикалық минимумда екі тілдің ерекшелігін сипаттай отырып, ондағы тілдік бірліктердің жұмсалыу өрісін қарастырамыз. Зерттеуде қазақ тіліндегі негізгі сөз таптарының (зат есім, есімдік, етістік, сын есім, сан есім, үстеу, модаль сөздер), шылау және одағайлардың грамматикалық мағыналары, сөйлем ішіндегі тіркесу үлгілері мен функционалдық қызметі талданды. Әрбір сөз табының тілдік сипаты тек құрылымдық деңгейде емес, олардың коммуникативтік және когнитивтік қызметі де қарастырылды.

III. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы лексика-грамматикалық минимум әзірледі. Бұл оқу-әдістемелік құрал тіл үйренушілерді деңгей-деңгейге бөліп, «қарапайымнан күрделіге қарай» үйрету бағытын ұстанады. Аталған минимумның басты ерекшелігі – отандық тәжірибеден бөлек, ағылшын, түрік, орыс тілдерінің лексика-грамматикалық минимум жасау тәжірибелерін негізге алғандығы. Лексика-грамматикалық минимумда қазақ тілін меңгерудің бастапқы (А1) деңгейінен бастап, базалық (А2),

жалғастырушы (B1, B2), жоғары (C1) деңгейлеріне сай сөздер жинақталған. Грамматикалық материал да «қарапайымнан – күрделіге» ұстанымы бойынша әр деңгейде жинақталып берілген. Бастапқы деңгейдің грамматикалық минимумы қазақ тілінде жиі қолданылатын морфологиялық формаларды, синтаксистік құрылымдарды қамтиды (Жұмаділ, 2023).

Мақалада қазақ тіліндегі сөз таптарының ағылшын тіліндегі баламалары, ұқсастықтары мен айырмашылықтары сараланып, кесте түрінде үлгісі ұсынылды. Бұл салыстыру тек формалды сәйкестікпен шектелмей, олардың семантикалық, функционалдық және мәдени-танымдық айырмашылықтарына да назар аударылды. Сонымен қатар қазақ тіліндегі сөз таптарының ағылшын тіліндегі баламалары, ұқсас тұстары мен айырмашылықтары анықталып, кесте түрінде жүйеленді. Мысалы, қазақ тілінде сын есімдер субстантивтеніп, заттық мағынаға ие бола алады: «Бір қара көрінді» сөйлемінде «қара» сөзі адам мағынасында жұмсалып, зат есім қызметін атқарады. Бұл құбылыстың ағылшын тілінде баламасы жоқ. Сол сияқты түстер мен сандардың мәдени-танымдық жүктемесі де қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін айқындайды. Мысалы, «ақ», «көк», «сары» түстері қазақ дүниетанымында киелі, символдық мәнге ие болып келеді (ақ жол, көк аспан, сары бел), ал «жеті» саны қазақ ұғымында қасиетті сан (жеті қазына, жеті ата) саналады. Ал ағылшын тілінде де «жеті» санымен байланысты көптеген фразеологизмдер бар. Мысалы, *seventh heaven* – жеті қат көк, яғни ерекше қуаныш пен бақыт күйін білдіреді. Сондай-ақ *seven virtues* – жеті ізгі қасиет: сенім, үміт, махаббат, әділеттілік, батылдық, парасаттылық және ұстамдылық. Дәл аудармасы болмаса да мәдени-танымдық ұғымдағы баламалары кездеседі.

Сол сияқты есімдіктер жүйесінде де айтарлықтай ерекшеліктер бар. Қазақ тіліндегі «сіз» есімдігі формалды қарым-қатынасты, сыпайылықты білдіретін тілдік бірлік. Ағылшын тілінде бұған бір ғана “you” сөзі сәйкес келеді, сондықтан бұл форманың стильдік, прагматикалық жүктемесін жеткізу тек контекст арқылы жүзеге асады. Қазақ тіліндегі көптеген грамматикалық бірліктер тек құрылымдық емес, сонымен қатар когнитивтік және мәдени сипатқа да ие екенін көруге болады. Қазақ халқының мәдени, ұлттық бірегейлігін көрсететін тілдік бірліктер де сөздіктің грамматикалық минимумында басты назарға алынды. Мысалы, қазақ тілінде кейбір сын есімдер заттық мағынаға ие болып, сөйлемде зат есімнің қызметін атқарады. Бұл құбылыс субстантивтену деп аталады. Мысалы: *Қара келді* → *Мұндағы «қара» – сын есім емес, қара түсті адам* деген мағынада заттық мәнге ие. Ағылшын тілінде мұндай құрылым жоқ. “Black came” деп тікелей аудару мүмкін емес. Ол “A man in black came” немесе “The dark one came” түрінде беріледі. Бұл – тілдің когнитивтік құрылымындағы айырмашылықты көрсетеді: қазақ тілінде түс арқылы адамды сипаттау мәдени норма саналады. Қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін көрсететін мәдени-танымдық бірліктер қатары да сөздікте беріледі.

Ендігі кезекте грамматикалық категориялардың (сөз таптары бойынша) грамматикалық минимумда жеке-жеке берілу көрінісін талдап көрсетсек. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі *зат есімдердің* сөз тудыру ерекшеліктерін салыстыра отырып, тіл үйретудің бастапқы кезеңінде инофонға ең жиі кездесетін жұрнақтар мен сөз үлгілерін үйрету тілдік коммуникативтілікті арттырудың тиімді жолы екені анықталды. Грамматикалық минимумда зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары тізімдеп берілді.

ЗАТ ЕСІМ

Denoting Profession: + шы / ші

- 1) жұмысшы [жұмыс (work) +шы] worker
- 2) әнші – singer
- 3) қобызшы – kobiz player
- 4) оқушы – student
- 5) биші – dancer
- 6) домбырашы – dombra player
- 7) жазушы – writer
- 8) сатушы – salesperson
- 9) қойшы – shepherd
- 10) тілші – translator

11) етікші – shoemaker

12) өтірікші – liar

Denoting Abstract Notions: + лық / лік, дық / дік, тық / мік

1) достық – friendship

2) қалалық – municipal district

3) сөздік – dictionary

4) ағалық – brotherhood

5) балалық – childhood

Denoting Places: + хана / қана

1) аурухана – hospital

2) мейрамхана – restaraunt

3) ғибадатхана – church

4) емхана – hospital

5) әжетхана – bathroom

6) дәрісхана – lecture hall

7) дәретхана – bathroom

Кесте 1 – Сөз тудырушы жұрнақтардың мысал арқылы грамматикалық минимумда берілу үлгісі
Таблица 1 – Пример представления словообразовательных суффиксов в грамматическом минимуме

Table 1 – An Example of Presenting Derivational Suffixes in the Grammatical Minimum

<i>Мағыналық тобы</i>	<i>Қазақша жұрнақтар</i>	<i>Мысал</i>	<i>Ағылшынша балама жұрнақ</i>	<i>Мысал</i>
Кәсіп атауы	+шы / +ші	әнші – singer	-er, -ist, -or	worker, artist
Абстракт ұғым	+лық / +лік	достық – friendship	-ship, -hood, -ness	friendship, childhood
Орын, мекен	+хана / +қана	аурухана – hospital	house, room, hall	restaurant, lecture hall

Қазақ тілінде зат есімдер түрленіп, сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түседі. Бұл өзгерістер арнайы жалғаулар арқылы жасалады.

Негізгі жалғау түрлері:

Көптік жалғауы (Plural suffix)

Тәуелдік жалғауы (Possessive suffix)

Септік жалғаулары (Case suffixes)

Ағылшын тілінде зат есімнің түрленуі шектеулі:

Plural: -s / -es

Possessive: 's

Prepositions арқылы септік мағынасы беріледі (*in, at, to, from, with, etc.*)

Кесте 2 – Жалғаулардың сөздікте берілу үлгісі

Таблица 2 – Пример представления окончаний в словаре

Table 2 – Example of Presenting Inflectional Endings in the Dictionary

<i>Жалғау түрі</i>	<i>Қазақша</i>	<i>Мысал</i>	<i>Ағылшынша</i>	<i>Аударма</i>
Көптік (Plural)	-лар / -лер / -дар / -дер / -тар / -тер	кітаптар	books	books

Кесте 2 жалғасы / Продолжение Таблицы 2 / Continuation of Table 2

Тәуелдік (Possessive), 1-жақ	-ым / -ім / -м	Кітабым	my book	my book
Тәуелдік, 2-жақ	-ың / -ің / -ң	кітабың	your book	your book
Тәуелдік, 3-жақ	-ы / -і / -сы / -сі	кітабы	his/her book	his book
Ілік (Genitive)	-ның / -нің / -дың / -дің / -тың / -тің	кітаптың мұқабасы	the book's cover	the cover of the book

СЫН ЕСІМ

Сын есім инофон үшін түсінікті форматта жүйеленді. Теориялық негіз ретінде сын есімнің морфосинтаксистік қасиеттері (зат есімнің алдында тұруы, тұлғалық өзгеріске түспеуі, предикаттық қызметі: «Үй үлкен») мен семантикалық өріс ұғымы алынды. Негізгі сын есімдер жеті семантикалық өріске бөлінді және жанына ағылшын тіліндегі аудармасы мен мағынасы қоса берілді. Мысалы:

1. Түсті білдіретін сын есімдер – Adjectives denoting color:

ақ – white (ақ қағаз, ақ есік – *white paper, white door*)

қара – black (қара түн, қара ат – *black night, black horse*)

қызыл – red (қызыл алма, қызыл гүл – *red apple, red flower*).

2. Өлшемді, пішінді, көлемді білдіретін сын есімдер – Adjectives denoting size, shape, volume:

үлкен – large (үлкен үй, үлкен қора – *big house, big barn*)

кіші – junior (кіші бөлме, кіші бала – *junior room, junior child*)

биік – tall (биік тау, биік ғимарат – *high mountain, high building*).

3. Дәмді білдіретін сын есімдер – Adjectives denoting taste:

тәтті – тәтті бал, тәтті ұйқы

ащы – ащы бұрыш, ащы шөп

тұщы – тұщы су, тұщы көл.

4. Жылдамдықты білдіретін сын есімдер – Adjectives denoting speed:

шапшаң – quick (шапшаң қимыл, шапшаң адам – *quick movement, quick person*)

жылдам – fast (жылдам көлік, жылдам әрекет – *fast transport, fast action*)

баяу – slow (баяу қозғалыс, баяу қадам – *slow movement, slow step*).

Қатыстық сын есімнің жасалу жолы кестеге салынып, мысалдар арқылы дәйектелді. Біркелкі сындық белгінің бірінен екіншісінің артық немесе кемдігін көрсететін салыстырмалы шырай формалары толық қамтылды. Әрбір шырай формасының беретін семасы инофонға түсінікті түрде мысалмен өрнектелді. Мысалы: -лау/-леу – сапаның аздап арта түскенін немесе күнгірттенгенін; -ырақ, -ірек, -рақ, -рек – сапаның нақты артқанын немесе кемігенін; -ғыл / -ғылт / -қылт / -қылым / -ғылым – белгінің солғындап, әлсіз не көмескі түрде ғана көрінетіні нақты мысалдармен көрсетілді.

Біркелкі сындық белгінің бір-бірінен не өте артық, не өте кем екенін көрсететін күшейтпелі шырайдың формалары қамтылды. Әр форма инофонға коммуникацияда қолдануға жеңіл болуы үшін мысалдармен түсіндіріліп, ағылшынша аудармасы берілді.

Сонымен қатар сөздікте сын есімнің синтаксистік қызметі қамтылды. Сын есімнің сөйлемнің барлық мүшесі бола алатын әмбебаптығы мен заттана алатын қасиеті мысалдар арқылы көрсетілді. Бұл инофонға қазақ тілін коммуникацияда қолдануды жеңілдетеді әрі оңтайландырады. Сөздіктің грамматикалық минимумын әзірлеу барысында 200-ден астам сын есімді сөз және сөз тіркесі қамтылды. Әр грамматикалық форманың тудыратын мағынасы сипатталды.

САН ЕСІМ

Грамматикалық минимумда Қазақ тіліндегі сан есім сөз табының грамматикалық ерекшеліктері қарастырылып, ағылшын тіліндегі баламаларымен салыстырмалы талдау жүргізілді. Қазақ тілінде сан есім дара және күрделі болып бөлінеді. Ағылшын тіліндегі сан есімнің құрылымы да сондай.

Кесте 3 – Сан есімнің құрамына қарай бөлінісі

Таблица 3 – Классификация числительных по составу

Table 3 – Classification of Numerals by Structure

<i>Жіктелу түрі</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Ағылшын тіліндегі баламасы</i>
Тұлғасына қарай	Негізгі: екі, он Туынды: бірінші, бірер	Basic: two, ten Derived: first, some
Құрамына қарай	Дара: үш жүз Күрделі: он бес, бес жүз	Simple: three hundred Compound: fifteen, five hundred

Кесте 4 – Сан есімнің мағыналық топтарының сөздікте берілу үлгісі

Таблица 4 – Пример представления семантических групп числительных в словаре

Table 4 – Example of Presenting Semantic Groups of Numerals in the Dictionary

<i>Топ</i>	<i>Қазақша мысал</i>	<i>Ағылшынша аударма</i>
Есептік (Cardinal)	бір, екі, он, жүз	one, two, ten, hundred
Реттік (Ordinal)	бірінші, екінші	first, second
Жинақтық (Collective)	екеу, үшеу	two of them, three of them
Болжалдық (Approximate)	бірер, оншақты	about one, about ten

Ағылшын тіліндегі сан есім жүйесі қазақ тіліне қарағанда қарапайым әрі тұрақты. Негізгі айырмашылықтары төмендегідей:

1. Қазақ тіліндегі сан есімдердің мағыналық топтары жұрнақ жалғану арқылы жасалса, ағылшын тіліндегі сан есімдердің түрлері түбір тұлғасында беріледі.

2. Жинақтық, болжалдық, топтық сан есімдер ағылшын тілінде арнайы түрде берілмейді, баламалары сөз тіркестерімен немесе мөлшерді білдіретін сөздермен жеткізіледі (мысалы: *a few, about ten*).

3. Реттік сан есімдер екі тілде де тұрақты формада қолданылады (*first* – бірінші).

ЕСІМДІК

Қазақ тіліндегі есімдіктер алуан түрлі. Олардың алуандығы түрленімі мен түрлі қызметінен байқалады. Осы әралуандық пен жұмсалым қабілетін ашып көрсету мақсатында қазақ тіліндегі есімдіктердің 120-дан астам түрі жиналып, әрқайсысына жеке-жеке сипаттама берілді, кейбірінің тіркесімділік қабілеті көрсетілді. Сондай-ақ түрленуіне (жалғау формаларын қабылдауы – көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуі) ерекше назар аударылып, түрленім тұлғалары жеке-жеке берілді. Мысалы, «Қашан?» есімдігі іс-әрекеттің, оқиғаның, құбылыстың мерзімін, уақытын сұрау үшін қолданылады. Етістікпен тіркесіп келеді. Түрленуі: ішінара септеледі (Кесте 5), бірақ тәуелденбейді, жіктелмейді, көптелмейді.

Кесте 5 – «Қашан» есімдігінің септелуі

Таблица 5 – Склонение местоимения «Когда»

Figure 5 – Declension of the Pronoun “When”

<i>Септік</i>	<i>Жекеше</i>	<i>Көпше</i>
Атау	Қашан?	-
Ілік	-	-
Барыс	Қашанға (дейін)?	-
Табыс	-	-

Кесте 5 жалғасы / Продолжение Таблицы 5 / Continuation of Table 5

Жатыс	-	-
Шығыс	Қашаннан?	-
Көмектес	-	-

Сондай-ақ ағылшын тілінің грамматикалық ерекшелігін ескеріп, меншіктік мағынаны білдіретін есімдіктер (possessive pronouns) атты бөлік қосылды: оған *менікі, сенікі, сіздікі, онікі, біздікі, сендердікі, сіздердікі, олардікі* сынды *-нікі, -дікі, -тікі* меншік мәнін үстеуші жұрнақтар арқылы жасалған бірліктер енгізілді.

ҮСТЕУ

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда үстеу сөз табының грамматикалық минимумға енгізілуі – тіл үйренушінің қимыл мен іс-әрекетті сипаттауын, уақыт, орын, себеп пен амалдық мағыналарды нақтылауын жеңілдетеді. Үстеу – етістікке, сын есімге, басқа үстеуге қатысты мағыналық дәлдік пен реңк қосатын, өзгермейтін сөз табы.

Грамматикалық минимумда ең жиі қолданылатын негізгі үстеулер таңдалады. Олар мағынасына қарай мынадай топтарға бөлінеді:

1. Уақыт үстеулері: бүгін (*today*), қазір (*now*), кеше (*yesterday*), ертең (*tomorrow*)
2. Орын үстеулері: осында (*here*), анда (*there*), жоғары (*up*), төмен (*down*)
3. Амал (тәсіл) үстеулері: тез (*quickly*), жай (*slowly*), жақсы (*well*)
4. Себеп-салдар: бекерге (*for no reason*), әдейі (*intentionally*)
5. Күшейту, мөлшер: өте (*very*), тым (*too*), сәл (*a little*).

Ағылшын тілімен салыстырғанда, қазақ тілінде үстеулер көбінесе етістіктен бұрын орналасады, ағылшын тілінде етістіктен кейін орналасады:

Ол тез келді. – *He came quickly.*

Біз ертең барамыз. – *We will go tomorrow.*

Қазақ тілінде кейбір сын есімдер мен сан есімдер де контексте үстеу қызметін атқарады. Мысалы: Ол жақсы сөйлейді. (*жақсы* – here is an adverb meaning *well*). Ол екі рет келді. (*екі рет* – adverbial phrase: *twice*). Ағылшын тілімен салыстырғанда бұл функционалды икемділік үйренушіге күрделірек болуы мүмкін, сондықтан контекст арқылы түсіндіру қажет.

ЕТІСТІК

Грамматикалық минимумға етістіктің негізгі шақ формалары (осы шақ – оқып жатыр, өткен шақ – оқыды, келер шақ – оқиды), болымды/болымсыз түрлері (жазды – жазбады), бұйрық рай (жаз, кел), қалау рай (барғым келеді), тұйық етістіктер (бару, келу), етістік+көмекші етістік тіркестері (айтып отыр, келе жатыр), енгізілді. Бұл формалар тіл үйренушіге қарапайым сөйлем құрауға, қарым-қатынас жасауға жеткілікті негіз береді. Ағылшын тілімен салыстырғанда, қазақ тіліндегі етістік жүйесі жіктік жалғау арқылы субъектіні білдіреді (мен жазамын – *I write*), ал ағылшын тілінде бұл бөлек есімдіктермен беріледі. Сонымен қатар етістіктің шақтық жүйесі күрделі формалар арқылы жасалып, көмекші етістіктермен тіркесуі жиі кездеседі (келе жатыр, айтып отыр), бұл – грамматикалық минимумда ерекше назар аударуды қажет ететін тұс.

ЕЛІКТЕУ СӨЗ

Ағылшын тілінде еліктеу сөздерге толыққанды балама табу қиын, себебі еліктеу сөздер көбіне контекстік аудармамен немесе грамматикалық сипаттамамен беріледі. Қазақ тілінде олар дербес немесе көмекші етістікпен тіркесіп, сөйлем мүшесі ретінде қолданылады.

Қазақ тілінің сөз таптары жүйесінде ерекше мағына-қызметке ие еліктеу сөздер грамматикалық минимумда тіл үйренушіге тілдің бейнелілік, табиғи дыбысты жеткізу қабілетін, сондай-ақ қимыл мен іс-әрекеттің сипаттарын меңгерту үшін енгізіледі. Бұл сөз табы қазақ тілінің ұлттық-танымдық ерекшелігін де айқын көрсетеді.

Еліктеу сөздер мағынасына қарай екіге бөлінеді:

1. Еліктеу дыбыс сөздер – табиғаттағы немесе адамның, жан-жануардың дыбысын білдіреді: тырс (*a knock*), сылдыр (*a light splash*), гүрс (*a thud*), маңырау (*bleating*).

2. Еліктеу қимыл сөздер – қимыл мен әрекеттің бейнесін білдіреді: жалт (suddenly turned), зыр (quick movement). Мысалы: Тырс еткен дыбыс естілді. – *A knock was heard*. Ол жалт бұрылды. – *He turned suddenly*.

ОДАҒАЙ

Одағайлар – сөйлеу тіліне эмоциялық бояу, экспрессивтілік беретін, тілді жандандыратын бірліктер. Грамматикалық минимумда жиі қолданылатын, тұрмыстық коммуникацияда кездесетін одағайлар ғана іріктеледі. Олар интонация, ым-ишара сияқты қосымша белгілермен бірге түсіндіріледі. Ағылшын тілінде де эмоцияны білдіретін одағайлар (*interjections*) бар: *Wow, Oh no, Yay, Aha*, бірақ қазақ тіліндегі кейбір ұлттық-мәдени реңктері бар одағайлардың тікелей баламасы жоқ. Мысалы, *Астаныралла!* (*religious shock*), *Тфә!* (*disapproval/spitting*) секілді сөздер тек контекст арқылы түсіндіріледі.

ШЫЛАУ

Минимумға ең жиі қолданылатын жалғаулық шылаулар (және, бірақ, не, немесе), септеулік шылаулар (үшін, туралы, дейін, кейін) және демеуліктер (ғана, да, ғой, қой) енгізіледі. Бұл шылаулардың көмегімен тіл үйренуші қарапайым себеп-салдар, талғау, салыстыру, нақтылау мәндерін бере алады. Ағылшын тілінде шылаулардың баламасы ретінде *prepositions, conjunctions, particles* қолданылады (*and, but, for, about, after* т.б.), дегенмен кейбір қазақ шылауларының эмоциялық реңкі мен сөйлеу стиліндегі қызметі (мысалы, ғой, қой, -ақ) ағылшын тіліне тікелей аударылмайды, тек контексте түсіндіріледі. Грамматикалық минимумға ең жиі кездесетін, сөйлеуде белсенді қолданылатын 15 – 20 шылау енгізілуі керек. Оларды әртүрлі сөйлеу жағдаятында қолдануға дағдыландырса, тіл үйренушінің қазақ тіліндегі мәтінді түсіну және сөйлем құрау қабілеті артады.

Қорытынды

Қорыта келе, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда грамматикалық минимумды жүйелеу – тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттіліктеріне сай, оңтайлы әрі нәтижелі тілдік орта қалыптастырудың маңызды шарты. Бұл мақалада ұсынылған теориялық және әдістемелік негіздер қазақ тілінің грамматикалық бірліктерін іріктеуде жиілік, құрылымдық жеңілдік, мәдени-танымдық маңыздылық сияқты өзекті өлшемдерді ескеру қажеттігін көрсетті. Қазақ тіліндегі зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, модаль сөздер, шылау және одағай сияқты негізгі сөз таптарының грамматикалық категориялары, тіркесу үлгілері мен функционалдық қызметтері контрастивті талдау арқылы көрсетілді. Грамматикалық минимум тек тіл үйренушінің сөздік қорын байытумен шектелмейді, оның коммуникативтік құзыретін қалыптастыруға, сөйлем құру мен сөйлесім әрекетінде дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәдени-танымдық компонентті ескеру қазақ тілін үйренушілердің ұлттық ерекшеліктерді меңгеруіне ықпал етеді. Алынған нәтижелер «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» жобасында грамматикалық материалды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйелеуге және тиімді қолдануға негіз болады.

Жалпы алғанда, грамматикалық минимумды анықтау – оқыту үдерісін ғылыми негізде оңтайландыруға, оқулықтар мен оқу құралдарын тіл үйренушінің деңгейіне бейімдеуге, сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Алдағы уақытта қазақ тілінің грамматикалық жүйесін шет тілі ретінде оқытуда қолдануға арналған лексика-грамматикалық сөздіктерді дайындауда осы зерттеу нәтижелерін қолдану тиімді болмақ.

Әдебиеттер

- Андрюшина Н.П., Козлова Т.В. Лексический минимум по русскому языку как иностранному. Элементарный уровень. Общее владение / (электронное издание). – 5-е изд. – СПб.: Златоуст, 2015. – 80 с.
- Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. / Жалпы ред. басқ.: Е.З. Қажыбек, А.М. Фазылжанова. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
- Жанпейісов Е.Н. Қазақ тілінің этномәдени лексикасы (М. Әуезов шығармалары негізінде). – Алматы: Ғылым, 1989. – 280 б.
- Жұмаділ Ж. Тіл үйренемін десеңіз... // Ана тілі: сайт. – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63638> (қол жеткізу күні: 20.07.2025).
- Козлова Н.А., Мартынова М.А. Мы в России: Лексико-грамматический словарь. Учебный комплекс по развитию речи для изучающих русский язык как иностранный. – Москва: Русский язык. Курсы, 2014. – 368 с. –

ISBN 978-5-88337-320-5.

- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік): Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
- Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр: Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- Лексический минимум по русскому языку как иностранному. Первый сертификационный уровень. Общее владение. / Н. П. Андрушина и др. – 7-е изд. – СПб.: Златоуст, 2014. – 200 с.
- Манкеева Ж.А. Тіл мен мәдениет: Ұлттық менталитетті тіл арқылы тану. – Алматы: Ғылым, 1997. – 240 б.
- Чакликова А.Т. Научно-теоретические основы формирования межкультурнокоммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования: дис. ... докт. пед. наук. – Алматы, 2009. – 272 с.
- Dziemianko, A. The usefulness of graphic illustrations in online dictionaries // ReCALL. 2022. Vol. 34, No. 2. P. 218-234. DOI: 10.1017/S0958344021000264.
- EF SET [Электронды ресурсы]. <https://www.efset.org/ru/cefr/> (Пайдаланылған күні: 05.09.2025)
- Longman. Longman language activator: Helps you write and speak natural English. Harlow: Pearson Education Limited, 2002. 1636 p.
- Mayor, M. (ред.). Longman collocations dictionary and thesaurus. Harlow: Pearson Education Limited, 2013. 1463 p.
- Momynova, B.K., Slyambekov, Q.B., Soltanbekova, A.A., Imangazina, M.A., Ramazanov, T.B. The fourth generation of academic Kazakh grammar // Новые исследования Тувы. 2024. №3. С. 326-340. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20>.
- Nelson, D.L., Reed, U.S., Walling, J.R. Pictorial superiority effect // Journal of Experimental Psychology: Human Learning and Memory. 1976. Vol. 2. No.5. P. 523-528.
- Paivio, A. Imagery and Verbal Processes. New York: Holt, Rinehart & Winston, 1979. 608 p.
- Shelestova, T., Zhetpisbayeva, B., Kazimova, A. Picture-based vocabulary acquisition: Effectiveness of visual tools in foreign language instruction // International Electronic Journal of Elementary Education (IEJEE). 2017. No.2. P. 164-170.
- Trappes-Lomax, H. Oxford learner's wordfinder dictionary. Oxford: Oxford University Press, 1997. 538 p.

References

- Andrjushina, N.P., Kozlova, T.V. (2015) Leksicheskij minimum po russkomu jazyku kak inostrannomu: Jelementarnyj uroven'. Obshchee vladenie (jelertronnoe izdanie). St. Petersburg: Zlatoust. 80 s. [Andryushina, N.P., Kozlova, T.V. (2015) Lexical Minimum in Russian as a Foreign Language: Elementary Level. General Proficiency (5th ed., electronic edition). St. Petersburg: Zlatoust, 80 p.] (in Russian)
- Chaklikova, A.T. (2009) Nauchno-teoreticheskie osnovy formirovaniya mezhkul'turnokommunikativnoj kompetencii v uslovijah informatizacii inozazychnogo obrazovaniya (Doctoral dissertation). Almaty, 272 s. [Chaklikova, A.T. (2009) Scientific and Theoretical Foundations of Forming Intercultural Communicative Competence in Informatized Foreign Language Education: Doctoral Dissertation. Almaty, 272 p.] (in Russian)
- Dziemianko, A. (2022) The Usefulness of Graphic Illustrations in Online Dictionaries. ReCALL. Vol. 34. No.2. P. 218–234. <https://doi.org/10.1017/S0958344021000264> (in English)
- EF SET [Electronic Resource]. <https://www.efset.org/ru/cefr/> (date of Use: 05.09.2025). (in English)
- Kozlova, N.A., Martynova, M.A. (2014). My v Rossii: Leksiko-grammaticheskij slovar'. Uchebnyj kompleks po razvitiyu rechi dlja izuchajushchih russkij jazyk kak inostrannyj. Moskva: Russkij jazyk. Kursy, 368 s. [Kozlova, N.A., Martynova, M.A. (2014) We are in Russia: Lexico-Grammatical Dictionary. A Speech Development Course for Learners of Russian as a Foreign Language. Moscow: Russian Language. Course, 368 p.] (in Russian)
- Longman. (2002) Longman Language Activator: Helps You Write and Speak Natural English. Harlow: Pearson Education Limited, 1636 p. (in English)
- Mankeeva, Zh. (1997) Til men madeniet: Ultyq mentalitetti til arqyly tanu. Almaty: Gylym, 240 b. [Mankeyeva, Zh. (1997). Language and Culture: Understanding National Mentality Through Language. Almaty: Gylym, 240 p.] (in Kazakh)
- Mayor, M. (Ed.). (2013). Longman Collocations Dictionary and Thesaurus. Harlow: Pearson Education Limited, 1463 p. (in English)
- Momynova, B.K., Sljambekov, Q.B., Soltanbekova, A.A., Imangazina, M.A., Ramazanov, T.B. (2024) The Fourth Generation of Academic Kazakh Grammar. New Studies of Tuva. No.3. P. 326–340. <https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20> (in English)
- Nelson, D.L., Reed, U.S., Walling, J.R. (1976) Pictorial Superiority Effect. Journal of Experimental Psychology: Human Learning and Memory. Vol. 2. No.5. P. 523-528. (in English)
- Paivio, A. (1979) Imagery and Verbal Processes. New York: Holt, Rinehart & Winston, 608 p. (in English)
- Qaidar, A. (2009) Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalqy sozdik): Adam. Almaty: Dajk-Press, 784 b. [Kaidar, A. (2009) Kazakhs in the World of Their Native Language (Ethnolinguistic Dictionary): Adam. Almaty: Dayk-Press, 784 p.] (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2014) Gylymdagy gumyr: Maqalalar, bajandamalar zhinagy (Vol. 1). Almaty: Sardar, 520 b. [Kaidar, A. (2014) A Life in Science: Collection of Articles and Presentations (Vol. 1). Almaty: Sardar, 520 p.] (in Kazakh)
- Shelestova, T., Zhetpisbayeva, B., Kazimova, A. (2017) Picture-Based Vocabulary Acquisition: Effectiveness of Visual Tools in Foreign: Language Instruction. International Electronic Journal of Elementary Education (IEJEE). No.2. P. 164-170. (in English)

Trappes-Lomax, H. (1997) Oxford Learner's Wordfinder Dictionary. Oxford: Oxford University Press, 538 p. (in English)

Zhalpy bilim berudegi qazaq tilining zhiilik sozdigi (2016) Zhalpy red. basq. Qazhybek, E.Z., Fazylzhanova, A.M. Almaty: Daur, 1472 b. [Frequency Dictionary of the Kazakh Language in General Education. General Editor: Kazhybek, Ye.Z., Fazylzhanova, A.M. Almaty: Daur, 1472 p.] (in Kazakh)

Zhanpeisov, E.N. (1989) Qazaq tilining jetnomadeniettik leksikasy (M. Äuezov shygarmalary negizinde). Almaty: Gylym, 280 b. [Zhanpeisov, Ye.N. (1989) Ethnocultural Vocabulary of the Kazakh Language (Based on the works of M. Auezov). Almaty: Gylym, 280 p.] (in Kazakh)

Zhumadil, Zh. (2025) Til ujenemin desengiz... Ana tili (Language): website. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63638> (qol zhetkizu kuni: 20 mausym). [Zhumadil, Zh. If You Want to Learn a Language... Ana tili: website. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63638> (Accessed July 20).] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 08.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Кегенбекова А.Д., Солтанбекова А.А., Кайырбекова У.С., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

